



№48 (10141)
1 шілде,
сейсенбі
2025 жыл

Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Актив



Жаңа жұмысына сәттілік тіледі

Аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың төрағалығымен актив отырысы өтті. Жиында Ардақ Әбдіғәппарұлы осыған дейін аудан әкімінің орынбасары қызметін абыроймен атқарған Арнұр Нұрмағанбетовті жаңа қызметімен құттықтап, ауданның ең жоғары наградасы «Құрмет» грамотасын табыстады.

2022 жылдан бастап Жалағаш ауданы әкімінің орынбасары қызметін абыроймен атқарған Арнұр Әлібекұлы Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары лауазымына тағайындалды. Ол осынша уақытта ауданның экономика және қаржы, сондай-ақ кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімдеріне жетекшілік жасап, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және жарқын жобалардың жүзеге асырылуына үлкен үлес қосты.

Арнұр Әлібекұлы – өзі ісін жақсы білетін, басқарушылық және ұйымдастырушылық қабілеті мен біліктілігі мол маман. Қай қызметте болсын, жұмысын жоғары кәсіби деңгейде атқарып келе жатқан азамат. Ауданымыздың экономика-қаржы саласының дамуына, бюджет қаражатын дұрыс жоспарлап, оны тиімді жұмсау бағытында, сондай-ақ салық түсімдерінің орындалуында бар күш-жігерімен аябай еңбек етті. Аудан экономикасы мен мемлекеттік саясаттың басты мақсаты болып саналатын халықтың әл-ауқатын жақсарту жолындағы қажырлы еңбегінің нәтижесінде барлық макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша өсім қалыптасты. Арнұр Әлібекұлы, ауданда атқарған жемісті еңбегіңіз үшін шынайы алғысымды білдіре отырып, алдағы жауапты қызметіңізге табыс тілеймін, – деді А.Ибраимов.

Жиында «Құрмет» орденінің иегері, Жалағаш ауданының құрметті азаматы, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев пен аудандық мәслихат төрағасы Өмірзақ Елеусінов Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары лауазымына тағайындалған Арнұр Нұрмағанбетовтің жаңа қызметіне сәттілік тіледі.

Сенбілік



Тазалық табалдырықтан басталады

Президент бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында қаламыздағы, аудан орталықтарындағы, ауылдардағы парктер, скверлер мен аллеялар, көпқабатты тұрғын үйлердің ауласы абаттандырылуда.

Жексенбіде «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында ауданда сенбілік жұмыстары ұйымдастырылып, санитарлық тазалық жұмыстары жүргізілді. Аудан әкімі Ардақ Ибраимов сенбілік жұмыстарымен танысып, жауапты сала басшыларына жұмыстарды тиімді әрі сапалы жүргізуді тапсырды.

Шабылған жабайы шөптер мен жиналған қоқыс-қалдықтар арнайы техниканың көмегімен белгіленген орындарға шығарылды. Айта кетейік, сенбілік жұмыстары Жалағаш кентімен қатар барлық ауылдық округте ұйымдастырылды.

«ЖЖ» ақпарат

Сапар

Аяқсу мәселесі шешімін табуда

Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов Сыр өңіріне жұмыс сапарымен келіп, жергілікті тұрғындармен кездесті. Сондай-ақ суару маусымының барысымен және Үкімет жүзеге асырып жатқан жобалардың іске асырылуымен танысты.

Нұржан Нұржігітов Жалағаш, Қармақшы аудандарының шаруаларымен кездесіп, оларды толғандыратын сұрақтарға жауап беріп, судың «көлеңкелі нарығына» қарсы күрес шаралары, су үнемдеу технологияларын енгізуді субсидиялау және суармалы суды әділ бөлуді қамтамасыз ету шаралары жайлы баяндады.

Жалағаш және Қармақшы аудандарының диқандары министрліктен қосымша сорғылар сатып алуға көмек көрсетуді сұрады. Нұржан Нұржігітов бұл мәселеде ведомство фермерлерге қолдау көрсететінін айтты.

Быттыр қазан айынан бастап біз Қызылорда облысына, соның ішінде Солтүстік Арал мен өңірдің көл жүйелеріне су беруді ұлғайттық, алайда ауа райы жағдайлары мен жауын-шашынның аздығына байланысты вегетациялық кезең 20 күн бұрын басталды. Климаттың өзгеруі Сырдария бассейнінің су ресурстарына одан әрі әсер етеді. Сондықтан су үнемдеу технологияларын енгізуді жеделдету, ылғалды аз қажет ететін дақылдарға көшуді қарастыру және жалпы суармалы суды неғұрлым ұтымды пайдалану қажет, – деді Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов.

Министр «Қазсуар» РМК-ның «Сыр суы» филиалына жаңа арнайы техникалардың кілтін тапсыру рәсіміне қатысты. Аталған мекемеге 30 техника табысталды, оның ішінде экскаватор-тигистер, шынжыртабанды экскаваторлар, тракторлар, тіркемелер, су тасыйғыштар, самосвалдар, автоқран, тартқыш, аспалы жабдық, дизельді генератор және т.б. бар. Филиалға жалпы саны 35 техника бөлінген, қалған 5 техника быыл қыркүйекке дейін жеткізіледі.

Қазіргі уақытта «Қазсуар» РМК филиалдарын ел бойынша жаңа жабдықтармен жарақтандыру жалғасып жатыр. Бүгінгі таңда кәсіпорын филиалдары жоспарланған 757 арнайы техника мен автокөліктің 439-ын алды.

Сондай-ақ Нұржан Нұржігітов «Көк-арал бөгетін сақтау және Сырдария өзенінің атырауын қалпына келтіру» жобасының іске асырылу барысымен

танысты. Бүгінгі таңда «Тұщы», «Сарытерең» және «Қарашалаң-1» каналдарын механикалық әдіспен тазалау, «Тәуір» қорғаныс бөгетін қалпына келтіру жұмыстары жүргізілген.

Бүгінде «Көк-арал» және «Ақшауыт» бөгеттерін қалпына келтіру және нығайту, сондай-ақ «Қарашалаң-2» каналын тазарту жалғасып жатыр. Жоғарыда аталған төрт каналда бас құрылыстардың құрылысы жүргізілуде. 2026 жылдың соңына дейін жұмысты толық аяқтау жоспарда бар.

Ірі экологиялық жоба Арал маны өңірінің экологиялық тепе-теңдігін қалпына келтіруге, су ресурстарын тиімді пайдалануды арттыруға және аймақтағы халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған. Су ресурстары және ирригация министрі барлық жоспарланған жұмыстың сапалы әрі мерзімінде орындалуын қамтамасыз етуді тапсырды.

Аудандағы ахуалға тоқталсақ, быттыр су жеткізіп беру қызметіне «Жалағашсуар» өндірістік учаскесімен 187 шаруашылық 713,9 млн теңгеге келісім-шартқа отырды.

Егін орналастыру жұмыстарына дейін шаруашылық каналдарынан 21,5 мың текше метр, ішкі шаруашылық каналдардан 225,6 мың текше метр топырақ толық тазартылған. Шаруашылық каналдардан 5 гидротехникалық құрылыс, ішкі шаруашылық каналдардан 172 гидротехникалық құрылыс жөнделді.

Егінді сумен қамтамасыз етуге қажетті 32 насос қондырғы мен 23 гидробекет жөндеуден өтті. 8 512 гектар жерді ылғалдандырып суару, 15 450 гектар шабындық жерді суару жұмыстары жүргізіледі.

Қазіргі таңда ауданда 15 мың гектар жерге сүдігер айдау жұмыстары жүргізілді. 12 мың гектар инженерлік жүйеге келтірілген жерге лазерлік тегістеу жұмыстары жүргізілуде. Атқарылған жұмыстардың ауқымына қарасақ, жалағаштық диқандар аяқсу мәселесін онтайлы шешкенді. Быыл да аудан шаруалары рекордтық өнім жинап, аймақта «Үздік аудан» атануға ниетті.



Айта кетейік, быыл аудан бойынша 209 шаруашылық 37 185 гектарға егін өгуді жоспарлаған. Оның ішінде 162 шаруашылық күріш өгүмен айналасады. Негізгі дақыл күріш көлемі 19800 гектарды құрайды. Мұнан бөлек 800 гектар жаздық бидай, 50 гектар арпа, 600 гектар мақсары, 200 гектар қант құмайы, 65 гектар соя, 5 гектар сұлы бар. Быыл 4850 гектар жаңа жоңышқа егілсе, 8150 гектар ескі жоңышқа күтімге алынған.

Быыл ауданда 1 115 гектар көкеніс егіледі. Сондай-ақ 1 300 гектарға бас-

қа да бақша дақылдары егіледі. Аудан бойынша жоспарланған 4850 гектар жаңа жоңышқа, 800 гектар бидай, 600 гектар мақсары, 200 гектар қант құмайы, 65 гектар соя, 50 гектар арпа, 5 гектар сұлы толық егіліп, 8150 гектар ескі жоңышқа күтімге алынған. Сонымен қатар ауданда тұрғындар тарапынан картоп және басқа да бақша дақылдарын орналастыруға 500 гектар жаңадан жер дайындалды.

Ж.АРЫН

Жоба

Жол құрылысы қарқынды

Беркімбай көппе зираты туристердің, аудан қонақтарының, тіпті жергілікті тұрғындардың зиярат етуге жиі баратын мекені десек, артық айтқандық емес. Иә, әулие атамыздың өмір жолымен жалағаштықтардың барлығы таныс. Алайда соңғы жылдары сол зиратқа дейінгі жолдың сапасы сын көтермейтінін тұрғындар жиі еске салып жүрді. Жол сапасының нашарлығынан жолаушылар әбігерге түсіп, осы мәселе төңірегінде жергілікті билікке ұсыныс та айтылды. Қуантарлығы, көп ұзамай аталған мәселенің шешімі табылғанын естідік.

Бүгінде «Ақсу – Беркімбай көппе» автомобиль жолының жөндеу жұмыстары басталып кетті. Өткен аптада аудан әкімі Ардақ Ибраимов аудандық маңызы бар автомобиль жолының жөндеу жұмыстарымен танысты. Қазіргі таңда аталған жолда құрылыс қарқынды жүргізілуде.

Ұзындығы 2,3 шақырым болатын бұл жолдың күрделі жөндеу жұмыстары «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы аясында жүзеге асуда. Жоба құны – 164,4 млн теңге. Қазіргі уақытта құм аралас тас төсеу жұмыстары аяқталып, асфальт жабындысы төселуде.

– Мемлекет басшысы ауылдардың инфрақұрылымын жақсартуға айрықша мән беріп отыр. Сол себепті әр жоба сапалы әрі белгіленген мерзімде аяқталуы қажет. Халық сапалы жолдың игілігін көру керек. Сондықтан жұмысты жоғары деңгейде атқаруды, әрі уақытында аяқтауды тапсырамын. Әрине, бұл мәселенің көтеріліп жүргенін халықпен кездесулерде естіп жүрдім. Мен үшін жергілікті тұрғындардың талап-тілегін тыңдап, оны іс-жүзінде жү-



зеге асыру маңызды, – деді Ардақ Ибраимов.

Аудан басшысы жол жөндеу жұмыстарының сапасын жеке бақылауында ұстайтынын айтып, жауапты мекемелер мен мердігерге нақты тапсырмалар берді. Сонымен қатар жол пайдалануға берілгеннен кейін оны күтіп ұстау маңызды екені ескертіп, Ақсу ауылдық округінің әкіміне бірқатар міндет жүктелді.

– Әулиенің жатқан жеріне зиярат етуге басқа өңірден қонақтар көп келеді. Сондықтан жолдың ыңғайлы болғаны дұрыс. Жергілікті билікке рахмет, тұрғындар өтінішін жерге қалдырмады. Қара қылды қақ жарар турашылдығымен, қайырымдылығымен де дүйім жұртқа мәшһүр болған Беркімбай көппе Бекниязұлы 1909 жылы Ақсу ауылы аумағындағы Ақбөгет деген жерде дүниеге келген. Кеңес заманының өзінде өзіне әулие, әуақты болып тағылып, емшілік қасиеттерімен алдына барған талай сырқат жанды дертінен айықтырған. Беркінбайдан бес ата

ілгері өткен Сәрке, үш ата ілгері өткен Байқадам бабамыз да батыр, әрі әуақты кісілер болғанын жұрт жақсы біледі. Ол кісінің еңбекқорлығы, ел-жұртына деген адалдығы, қайырымдылығы жайында халық арасында жиі айтылады. «Шөгірлі» көлінің ұлтанынан бас-аяғы бірер апта ішінде 40 түйеге жүк боларлық қамыс оруының өзі де көп нәрсені аңғартса керек, – дейді Ақсу ауылының тұрғыны Сәрсенкүл Қабызова.

Жандос ЖАЗКЕН



Елдің мәселесі ескерусіз қалмайды

Таң атысымен шалғайдағы Аққыр ауылына табан тіредік. Жартыжылдықты қорытындылаған аудан әкімі Ардақ Ибраимов ауылдарды аралап, елді мекен жұртының талап-тілегіне құлақ түрді. Кездесуде Ардақ Әбдіғалпарұлы аудан көлемінде атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, алдағы жоспарланған жобаларды кеңінен тарқатты.

Шалғайдағы ауылда шаруа шираған

Соңғы жылдары шалғайдағы ауылдың шаруасы шираған. Биыл да Аққырда бірқатар ауқымды жұмыс жүзеге асуда. 2025 жылы ауылдың 5 көшесін күрделі жөндеу жоспарланған. Қазіргі таңда Аққыр және Н.Таспенев көшелеріне асфальт төсеу жұмыстары аяқталған. Қалған көшелерде де құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Сонымен қатар ауыл орталығында заманауи үлгідегі спорттық жаттығу алаңы салынуда. «Қазақстан халқына» қоры арқылы 175 млн теңгеге дене шынықтыру-сауықтыру кешені бой көтерді. Нысан жақында ел игілігіне табысталады.

Ауылға кіреберістегі жасыл белдеу қоршалып, санитарлық тазалық жұмыстары жүргізілген. Сонымен қатар кіреберіс пен орталық көшеге бейнебақылау камералары орнатылған. Бұдан бөлек 100 орындық ауылдық клуб пен «Аққыр» каналына су шаруашылығы жұмыстарына ЖСҚ әзірленіп, тиісті басқармаларға ұсынылды.

Бұл – ауылдың әлеуметтік, инфрақұрылымдық өлеуеті артып келе жатқанының жарқын көрінісі. Ауылдарды дамыту бағытындағы жұмыстар одан әрі жалғасады.

Жергілікті жұрт көпелі кездесуде көп мәселе көтермеді. Олай болатындай жейін бар. Өйткені шалғай ауылда осыған дейінгі кездесулерде халық көтерген мәселелер ретімен шешімін табуда.

Ауылдағы ағайын аяқсу мәселесін шешуде бірқатар жұмыс атқарылып жатқанын айтады. Бірақ ауыл ішіндегі су жүретін арықтар көміліп қалған. Соны қайта қалықа келтіруге көмек болса дейді. Бұған қатысты мәселені шешу жұмыстары ауыл әкіміне тапсырылды.

Жол сапасына мән берілмек

Ауыл ақсақалдарының батасын алған аудан әкімі мұнан кейін елді мекенде құрылыс аяқталуға жақын спорт нысанының бүгінгі жай-күйімен танысып, Жаңаталапқа жол тартты. Мұнда ауыл халқы жайлындық жер мәселесін әкім назарына салды.

Жаңаталапта жайлындық жер жоқ емес. Тек екі ортаны су шайып, қатынас қиындай түскен көрінеді. Осы ретте аудан әкімі Ардақ Ибраимов жауапты сала басшыларына, ауыл әкіміне нақты тапсырмалар берді.

Халықтың мәселесі күн тәртібінен түспейді. Ел болғасын мәселе де болады. Ал оның шешіміне жұмыс жасауда қарап қалмаймыз. Ауыл әкімі мен жауапты сала басшыларына өзде-

ріңіздің алдарыңызда нақты тапсырмалар беріп отырмын. Олар басына барып зерттеп көреді. Бізге баяндағасын әрі қарай оның шешіміне жұмыс жасаймыз, – деді Ардақ Әбдіғалпарұлы.

Жаңаталап ауылдық округінде 2025 жылы «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында П.Қарақұпұлы көшесі бойына жасыл екпелерге арналған қоршау орнату және көркейту-кеғалдандыру мақсатында «Арқаш» каналын қазу жұмыстары жүргізіледі. Сонымен қатар жалпы құны 128 млн теңгеге ішкі екі көшеге күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін облыстық бюджеттен қаржы бөлуге ұсыныс берілген. Мұнан бөлек жалпы құны 460 млн теңгеге 100 орындық ауылдық клубтың құрылысына ЖСҚ әзірленіп, қаржыландыру үшін тиісті басқармаларға бюджеттік өтінімдер жолданған. Елді мекенді аяқсумен қамту мақсатында техникалық су ұңғымаларын бұрғылау жұмыстарына облыстық бюджеттен қаржы қаралып, үй техникалық су ұңғымасы бұрғыланды.

Жалпы ауылдағы ағайынның негізгі тіршілік көзі – егін және мал шаруашылығы. Жыл сайын ауыл шаруашылығын толайым табыспен қорытындылайтын жаңаталаптықтар биыл да көктемгі науқанға ерте кірісті. Қазірдің өзінде өнімнің шығымы жоғары. Соған қарап, биыл да күзгі науқанда дәстүр жалғасын табады деп жоспарлап отыр.

Жергілікті жұрт кәсіпке ден қойған. Әсіресе іс бастауда ауылдағы ағайын мемлекеттік бағдарламаларды өз мүмкіндіктеріне жаратып отыр. Осыған дейін қайтарымсыз грант алған жаңаталаптықтар бүгінде сол жобаларының жемісін көреді.

Жалпы ауылға келген сайын аудан әкімі жаңаталаптықтардың мәселесіне бейжай қараған емес. Тіпті бұған дейінгі кездесулерде көтерілген бірқатар мәселенің шешіміне әлі де жұмыс жасалуда. Сондықтан ауылдағы ағайын Ардақ Ибраимовқа ризашылық білдіріп, алдағы жұмысына сәттілік тіледі.

Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргенов атындағы ауылда осыған дейін бірқатар жоба жүзеге асты. Бүгінде олардың ауыл тұрғындары игілігін көріп отыр. Бірақ көшегі келелі кездесуде мақпалкөлдiктер тағы бiр мәселе аудан әкімінің назарына салды.

Ауылдағы ағайын елді мекенде спорт көшені болса дейді. Тұрғындардың сөзінше, ауылда жастарды спортқа баулу мақсатында бір үйірме жұмыс жасайды. Алайда ол нысанның сапасы сын көтермейді. Ардақ Ибраимов бұған қатысты арнайы үйірменен жұмыс жасайтын жастар болса, мемлекет қолдауға дайын екенін тілге тиек етті.

Мүмкіндік болса, барлық мәселені бір мезетте шешкенді мен де қалаймын. Алайда оған мүмкіндік бола бермейді. Сондықтан кезек-кезеңімен барығын шешуге жұмыс жасаймыз. Сіздерге дейін Жаңаталап ауылында болдық. Тұрғындар ауылдық клуб мәселесін көтеріп жатыр. Бірақ біз алдымыз инфрақұрылым бойынша мәселелерді шешіп алайық. Келесі кезекте осындай жобаларға басымдық береміз. Егер ауылда спорттық үйірмелер саны аз десенізде, жастар арасында осы мақсатта үйірме ашуға ниеттілер болса, біз қолдауға дайынбыз, – деді аудан әкімі.

Мұнан бөлек ауылдағы ағайын ішкі көшелер сапасы сын көтермейтінін Ардақ Әбдіғалпарұлының назарына салған. Бұған дейін Темірбек Жүргенов ауылында 2025 жылы 145 млн теңгеге ауылдық мәдениет үйіне күрделі жөндеу жүргізуге құжаттар дайындалған. Сондай-ақ 677,9 млн теңгеге елді мекендегі автомобиль жолдарын (Нұрылдаев, Сәдір би, Қожахметұлы, Достық, Т.Жүргенов, Шотықов, Тоғанас батыр, Құтыбасов көшелері) күрделі жөндеу мақсатында ЖСҚ әзірленіп, қаржыландыру үшін тиісті басқармаларға өтінім жолданған.

Мәдениет ауылдық округінде 102,5 млн теңгеге ішкі көшелерді, яғни Ж.Жабаев, Д.Тобаев, А.Құнанбаев, З.Қауқаев көшесін жарықтандыру және 201,9 млн теңгеге Жаңақоныс көшесін күрделі жөндеуге ЖСҚ әзірленіп, бюджеттік өтінім тиісті басқармаларға жолданған. Алдағы уақытта бұл жобалар жүзеге аспақ.

Жалпы бұған дейін де ауылда жол құрылысы қарқын алып, ішкі көшелер сапасына жіті мән берілген еді. Сондықтан ауылдағы ағайын жол сапасына қатысты ешқандай мәселе көтермеді.

Мәдениет жұртының да негізгі тіршілік көзі – егін және мал шаруашылығы. Ауылдағы ағайын соңғы жылдары кәсіпке ден қойған. Әсіресе олар бұл мақсатта мемлекеттік бағдарламаларды тиімді пайдаланып отыр. Жергілікті жұрттың ендігі мәселесін назарға алған Ардақ Ибраимов алдағы уақытта олардың шешіміне жұмыс жасауда қарап қалмайтынын жеткізді.

Түске дейін елді мекендерге сапарымыз Мырзабай ахун ауылында қорытындыланды. Алты айда атқарылған жұмыстарды саралаған аудан әкімі алдағы мақсат-міндеттерді қоса қамтып, мұнан кейін ауылдағы ағайынның үніне құлақ түрді.

Жалпы ауылда соңғы жылдары жарқын жобалар жүзеге асты. Бұған дейін емхана ғимаратының сапасы сын көтермейтінін жиі айтатын жергілікті жұрт қазір заманауи аппараттармен жа-

рақталған жаңа нысанның игілігін көріп отыр. Бірақ қазір онда дәрігердің жоқтығы жергілікті жұртқа үлкен мәселе көрінеді. Бұған қатысты аудандық аурухананың бас дәрігері Еркебұлан Мақсұтұлы Мәдениет пен Мырзабай ахун ауылына бір дәрігер уақытша тағайындағанын жеткізді. Сондай-ақ ол алдағы уақытта жас мамандар келсе, ауылдың өзіне арнайы бір дәрігер жіберетінін жеткізді.

Мырзабай ахун ауылдық округінде «Өңірлерді дамыту» бағдарламасымен құны 1,6 млн теңгеге Колхоз көшесіне жарық жүргізіліп, 550 мың теңгеге елді мекеннің кіреберісі мен ішкі көшелеріне 4 бейнебақылау камерасы қойылды. Мұнан бөлек 134,7 млн теңгеге тұрғын үй секторының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымы жаңартылған.

Қос ауылда тындырымды тірлік бар

Аудан әкімінің халықпен кездесуі Қараөткеш, Мерәлі Шөменов ауылында жалғасты. Қараөткеш ауылында біраз шаруа басталыпты. Есеп беру ашық аспан астында өткізілсе де, аяқсуға көзім түсті, арық тола су. Аяқсу тапшылығы жағадан алғанда мұндай көріністі көру өрнне, кімді болса да таң қалдырады. Тіршілік көзі болған соң айналасы да жасыл-желеңке бөленген.

Кездесу барысында аудан әкімі Мемлекет басшысының, Үкіметтің және облыс әкімінің қолдауымен ауданда атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы жоспарларды халыққа таныстырды. Нақтырақ тоқталсақ, Қараөткеш, Далдабай елді мекендерінің 16 көшесіне күрделі жөндеу жұмыстары басталды.

Мұнан бөлек 639,1 млн теңгеге 150 орындық ауылдық клуб құрылысының, 94,1 млн теңгеге елді мекенге кіреберіс автомобиль жолын жарықтандыруға ЖСҚ әзірленіп, қаржыландыруға бюджеттік өтінімдер ұсынылған. Былтыр жаңа емхананың ғимараты ел игілігіне берілген болатын.

Жергілікті биліктің жұмысына көңіліміз толады. Жарық, су бар. Жол жөнделіп жатыр. Одан артық адамға не керек? Енді бұйырса, ауылға табиғи газ кірсе деген ниеттеміз. Жарқын жобаларға сәттілік тілейміз. Бастысы, халықтың ауызбіршілігі бекем, аудан азаматтарына тілектеспіз, – дейді ауыл ақсақалы Қайырқұл Боданов.

Келесі сапар бағыты Мерәлі Шөменов ауылы болды. Шыны керек, мұнда кейбір қалада жоқ игілікті іс бар. Кіреберістен көрер көзге байқалып тұр, теп-тегіс жол, тап-таза көше. Былтыр ауылға газ кірді, су, жарық қолжетімді. Биыл да тірлік жоқ емес. Елді мекендегі тұрғын үй секторының электр желілерін жаңарту жұмыстары жақын уақытта басталады.

Айта кетейік, елді мекенді газдандыру мақсатында құны 684,2 млн теңгеге газ жүргізу жұмыстары және 305,1 млн теңгеге аудандық маңызы бар

М.Шөменов ауылына кіреберіс автомобиль жолын күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар 67,3 млн теңгеге Жамбыл Б.Ердузелова көшелеріне күрделі жөндеу жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Ие, қос ауылдың бүгінгі тынысына көз тойды. Жүйелі жұмыстың нәтижесінде түтіні түзу шығып, көркеуде. Ауыл халқы елде ауызбіршілік болса, әлі талай жобаның жемісін көретініне сенімді.

Айта кетейік, ауданда мас күйінде жасалатын қылмыстардың алдын алу және жолын кесу мақсатында «Алкогольсіз күн» атты акция өтуде. Акция аясында полиция қызметкерлері тұрғындар арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, мас күйінде көлік жүргізудің, бұзақылықтың және өзге де құқық бұзушылықтардың ауыр салдары туралы ақпарат беруде. Осы арада аудандық полиция бөлімінің бастығы Мақсат Баймағанбетов тұрғындарға акция мақсатын түсіндіріп, сурақтарына жауап берді.

Акцияның мақсаты қоғамдық тәртіпті сақтау, адам өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайлардың алдын алу болып табылады. Тәртіпке бағыну – баршамызға ортақ міндет! Алкогольсіз күн – қауіпсіздік кепілі! Полиция бөлімінің жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің инспекторлары алкоголь өнімдерін, оның ішінде көмелетке толмағандарға сатуға байланысты құқық бұзушылықтардың алдын алу және ескерту мақсатында рейдтік шаралар жүргізуде. Сондай-ақ аудандағы алкоголь сатылатын дүкендер тексеріліп, тұрғындарға түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, ақпараттық арнайы жадынамалар таратылды. Арнайы жадынамаларда ҚР ӘҚБтК-нің 200-бабының талаптары және алкогольді сату шарттары көрсетілген. Естеріңізге сала кетейік, жиырма бір жасқа дейінгі тұлғаларға алкоголь өнімдерін сату, сондай-ақ белгілі бір уақытта мейрамханалар, барлар мен кафелерді қоспағанда, алкоголь өнімдерін бөлшек саудада сату ҚР ӘҚБтК-нің 200-бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікке өкпелі соғады, – дейді аудандық полиция бөлімінің бастығы Мақсат Баймағанбетов.

Сондай-ақ ол Еңбек пен Таң ауылы тұрғындарының алкоголь өнімдерінен түбегейлі бас тарту тәжірибесі айтылып, осы ауылдардың қатары артатынына сенім білдірді.

11 көшеге жөндеу жұмыстары жүргізіледі

Өткен жұмада аудан әкімі Ардақ Ибраимов Қазақстан Республикасы Президентінің «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 Жарлығына сәйкес, 2025 жылдың I жартыжылдығы қорытындысы бойынша Жалағаш кенті тұрғындарымен кездесті.

Кездесуде аудан басшысы Мемлекет басшысының, Үкіметтің және облыс әкімінің қолдауымен ауданда атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы жоспарларды таныстырды. Сонымен қатар Жалағаш кенті бойынша жүзеге асырылып жатқан жобалар мен алдағы міндеттерді атап өтті.

Кент тұрғындары ауданда жүргізіліп жатқан жұмыстарға, қолға алынған жобаларға, алда атқарылар істерге оң бағасын беріп, ұсыныс-пікірлерімен бөлісті. Аудан әкімі тұрғындардың сауалына жауап беріп, әрбір бастама халықтың өтініші мен сұранысына сай жүзеге асырылатынын айтты.

Кентте бүгінгі күнге дейін біраз жұмыс атқарылды. «Руханият» орталығы, спорт көшені, 100-ден аса тұрғын үй ел игілігіне табысталды. Қаншама жол жөндеуден өтті. Әрине, бұл жұмыстарға тоқмәйілісуге тағы болмайды. Алдағы уақытта басқа да жобаларымыз бар. Сол бойынша жұмыс істейміз. Бастысы, ауызбіршілік болса, бәрі болады, – деді аудан әкімі Ардақ Ибраимов.

Нақтырақ тоқталсақ, Жалағаш кентінде бюджеттен электр қуатын үнемдейтін светодиодты шамдар сатып алуға 2,4 млн теңге бөлініп, Б.Сопбеков, А.Бисенов, Д.УУ көшелері мен З.Салықбаев тұйығына түнгі жарықтандыру жұмыстары жүргізілді. Ұлы Жерістің 50 жылдығы, Н.Мырзалиев, Н.Әлмәғанбетов және А.Иманов көшелеріндегі көше шамдары үнемді светодиодты шамдармен жаңартылды.

Мұнан бөлек кенттегі Дәуітбай бөлігіндегі электр желілерін жаңғырту жұмыстарына жобалық-сметалық құжаттар әзірленді. Қазіргі таңда мемлекеттік сатып алу жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ орталық алаңды қайта жаңғыртуға арналған жобаның жобалық-сметалық құжаттары әзірленіп, сараптамадан өтті. Жоба құны – 315,2 млн теңге. Орталық стадион заманауи талаптарға сай жаңғыртылуда. Қазіргі таңда құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Қауіпсіздікті қамтамасыз етуде кенттегі 18 орынға бейнебақылау камерасы, 5 орынға жылдамдық өлшегіш құрылғылар орнатылып, барлығы 77 дана бейнебақылау камерасы іске қосылды.

Жол жөндеу жұмыстары тоқтамайды. Биыл кенттегі 11 көшеге жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Жоба құны – 678,7 млн теңге. Қазіргі таңда М.Мәметова, Ә.Молдағұлова, А.Байсопақов және С.Сейфуллин көшелерінде құрылыс жұмыстары басталды.

Жалағаш аудандық ауруханасы мен емхананың орталықтандырылған көріз жүйесінің құрылысына жобалық-сметалық құжаттар әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан өтті. Қазіргі таңда жобаны іске асыру үшін қажетті қаражат күйлуде.

Жандос ЖАЗКЕН



Болмыс

Тау тұлғалы Тасқара аға

Құт қонған киелі мекен Жалағаш өңірі елім деп еңбек еткен марғасқа азаматтардан кенде емес. Сондай тұлғалардың бірі – саналы ғұмырын ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына арнаған, аймақ дамуына еңбегі сіңген қаржыгер, облысқа белгілі ардагер Тасқара Байниязов. Төкеңнің өмір жолына үңілсеңіз, туған жер, өскен елдің өткен тарихы көз алдыңнан бейнебір кинотаспадай көлбеңдеп өте береді. Оның жүріп өткен жолы – тұтас дәуір тарихы, оны өз дәуірінен бөліп ала алмайсың. Себебі Төкең – өз дәуірінің перзенті. Орта мектепті бітіріп, Ташкенттегі қаржы-экономикалық институтқа түсті. Студент кезінде екі-үш айлап мақта теруге қатысты. Мақта деген дақылды бұрын көрмеген, десе де ауылда шаруашылықтың бел ортасында жүріп әбден піскен Төкеңе бұл жұмыс соншалықты қиын болмады. Оны теруді тез меңгеріп, 1957 жылы бір маусымда үш тонна мақтаны қолмен теріп, Өзбекстан республикасы Жоғары Кеңесінің «Құрмет» грамотасын алып еді. Бұл Төкеңнің еңбек жолындағы алғашқы марапаты болатын.

1958 жылы Тәшкенттегі оқуын бітіріп, қаржы саласының маманы болып елге оралды. Білімді, білікті жас маманды сол кездегі Қазалының ауыл шаруашылығы техникумы жұмысқа шақырды. Осылайша Төкең алғашқы еңбек жолын Қазалы ауыл шаруашылығы техникумында оқытушы болып бастады. Білімді жас маман оқытушы болып жүрсе де қаржы саласындағы басшылардың назарынан тыс қалмады. Екі жылдан кейін Төкеңді облысқа жұмысқа шақырып, облыстық қаржы басқармасына бюджет жөніндегі аға экономист болып қызметке келді. Бұл кезде басқарма басшысы елімізге белгілі қаржы саласының майталманы Бименді Баймаханов болатын. Кейін басқарма басшылығына қаржы саласының тағы бір қайраткері Камал Шекенов келді.

Ол екі ағасынан көп тәрбие алды, осында жүріп өмір мектебін өтті, облыс экономикасының алға басыуна өз үлесін қосты. Үлкен ортада тәрбие мектебін өткен жас маманды көп ұзамай Қазалы ауданына қаржы бөлімі бастығының орынбасары етіп жіберді. Жаңа қызметке жанын сала кірісіп кетті. Бұл 1963 жылдың қоңыр күзі болатын. Облыстағы бір жиында ауыл шаруашылығының көрнекті қайраткері, сол кездегі Коммунизм совхозының директоры Мерәлі Шәменов ағасы кездесіп қалады. Амандық-сұлықтан кейін «Үлкен совхоз құрылып жатыр, орталығы Жалағаш болады, елге көм, әзіңдей ауыл шаруашылығының экономисі бізге де қажет» дейді. Ағасының ұсынысы орынды еді, ойлана келе келісім берді. Мерәлі ағасы Төкеңді облыстық партия комитеті арқылы ауданға ауыстырып алды.

Осылайша Төкең бұрынғы үш совхоздан біріккен (қазіргі Ақсу, Таң, М.Шәменов ауылдары) үлкен шаруашылыққа келіп, бас экономист қызметіне кірісіп кетті. Сол кезде отызаға да толмаған Төкеңнің ауыл шаруашылығының жоспарлы экономикасымен ерте бастырудағы уақыт жылы еңбек жолы осылай басталып еді. Ауданның жер көлемінің үштен бірін алып жатқан жаңа шаруашылықтың бас мамандары сұрыпталған ылғи сайдың тасындай жігіттер екен. Бастауыш партия комитетінің хатшысы Шайзат Төлегенов, жұмысшылар комитетінің төрағасы Төлеген Сүлеев, бас зоотехник Төжәмбай Ысқақов, бас агроном Жұмағали Дәуітов, бас инженер Сағымбай Құланбаев, бас мал дәрігері Сарымсақ Аппазов, прораб Базарбай Наурызбаев, бөлімше басшылары Қорғанбек Алмасов, Тоқан Боранбаев, Көрі Бек молдадәулет өз ісінің білікті маманы болып шықты. Алғашында көп сапалы болып ұйымдасқан шаруашылықтан қой, туые, жылқы малы алынғып, Жалағаш совхозына берілді. Коммунизм совхозы күрші елді, ірі қара малынан ет, сүт өндіретін салаға мамандандырылды. Бұл 1964 жыл еді. Жаңа шаруашылық, жаңа бастамадан, жаңаша көзқарас. Осындай жағдайда Төкеңе де жұмысқа ізденіспен жаңа қырынан келу керек болды.

Жалағаш қыстағының терістігінен орын тепкен шаруашылық құрылыс салумен өмір алынаса бастады. Себебі бұл кезде Жалағаш пен Қармақшы ауданы қосылып, аудан орталығы Қармақшыға көшіп, Жалағаш қыстағы назардан тыс қала бастаған. Егіс көлемі жылдан-жылға ұлға бастады. Ізденімдес, жаңалыққа жан қүмар білікті ұйымдастырушы Мерәлі Шәменовтің басшылығымен совхоз үлгілерге шаруашылығына айналды. Күріштің көлемін арттырып қана қоймай, гектар өнімділігін молайтуға көңіл бөлінді. Ол үшін диқандар мен механизаторларды өнімді еңбекке жетілдіру қажет. Ал ол еңбекке ақы төлеудің жаңа тәсілдерін енгізуді қажет етеді. Осылайша бас экономист Төкеңнің басшылығымен ішкі шаруашылық есепке көшу тәжірибесіенгізілді.Еңбектіұйымдастырудың бұл жаңа әдістемесі көп ұзамай-ақ өз нәтижесін берді. Осы жылдары облыста алғашқы болып, Бостай учаскесінде көшенді лаңа қосы, механикаландырылған қырман пайдалануға берілді. Құрған қалған Шегірілі көлінің орны тегістеліп, инженерлік жүйеге келтірілді. Жаңадан ашылып, пайдалануға қосылған тың жерлер мол өнім бере бастады. Совхоз еңбеккерлерінің де еңсесі көтеріліп, еңбекке деген ерекше құлшыныс пайда болды. Осы жылдары Тұршабек Елеусінов ауданда бірінші болып Социалистік Еңбек Ері атанды. Басқа да азаматтар үкімет нағарадасына ұсынылып, көудесіне орден медалдар тақты. 1966 жылы ақпан айында шаруашылықта облыстық семинар болып, Төкеңнің шаруашылықтағы бұл әдістемесі облыстың басқа да шаруашылықтарына таранды.

Шаруашылық мол табысқа көнеліп, жыл сайын республикалық, одақтық жарыста жеңімпаз болып, «Қызыл Ту» мен ақшайлы сыйлықтарды жеңіп алды. Шаруашылықтың таза пайдасы молайып, түрлі әлеуметтік, өндірістік құрылыстар, тұрғын үйлер са-

лынды. Балабақша, қысқы, жазғы кино-театр, мәдениет үйі пайдалануға берілді. Еңбеккерлердің ай сайынғы табысы да молайды. Жоғары өнім алғандар қосымша ақы ала бастады. Жұмысқа деген ұмтылыс еселеніп, елдің де, жердің де бөрекесі кіріп, алдағы күнге деген үміт арта түсті. Жыл өткен сайын егіннен қол жеткен табыстың еселеп өсуіне байланысты Коммунизм совхозы республикадағы алдыңғы қатарлы совхоздардың қатарына қосылды. 1966 жылдың қорытындысы бойынша совхоз СОКП Орталық Комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесінің, Кәсіподақтардың Бүкілодақтық Орталық Кеңесінің, БЛКЖО Орталық Комитетінің «Қызыл Туымен» марапатталды. Ал 1967 жылы КСРО-ның 50 жылдығында аса жоғары көрсеткішке жеткені үшін Коммунизм совхозына «Еңбек Қызыл Ту» ордені берілді. Осылайша совхоз облыста тұңғыш «Еңбек Қызыл Ту» орденді шаруашылық атанды. Әрине шаруашылықтың осындай биік белестерге көтерілуі – сол кездегі совхоз директоры Мерәлі Шәменов өкеміздің ұйымдастырушылық, қайраткерлік еңбегінің жемісі. Десе де шаруашылықта атқарылған ауқымды шараларда совхоздың есеп-қисабының, қаржы саласының басы-қасында жүрген бас экономист Төкеңнің де өзіндік үлесі бар десек, шындықтан алыс кете қоймаймыз.

Үздіксіз ізденіс, оқу, үйрену, білімін үнемі толықтырып отыру – Төкеңнің ең басты, негізгі қағидалары. Сондықтан қай кезде де, қандай жұмыста болса да қатрларынаң замандастарынан мерейі үстем, мәртебесі жоғары болды. 1967 жылдың қорытындысымен шаруашылық 472 мың сом таза пайдамен шығады. Жыл қорытындысымен қосымша ақыға осы пайдадан 116 мың сом бөлінеді. Енді осы қосымша ақыны алайын десе, мемлекеттік банктің аудандық бөлімшесі, «Бізде ондай нұсқау жоқ» деп босатпайды. Мәселесі бас экономиске тіреледі. Төкең дәлелдейді, олар көнбейді. Аман жоқ, заңдылықтарды көтеруге тура келеді. Пәлкісін құшақтап банкке келеді, 1965 жылы арнайы күрші өндіруге байланысты шыққан КСРО Министрлер Кеңесінің «Совхоздардың жоспардан артық өнім алғаны үшін төленетін қосымша ақысы және оны банктен босату туралы» қаулысын алдарына жайып салады. «Осы қаулыны басшылыққа ала отырып, біздің қосымша ақымызды босатсаңыздар, сіздерге ешкім ештеңе демейді, бәрі заңды болады» дейді. Мына қызықты қараның, бұл қаулы банк ұжымында жоқ болып шықты. Сонда мынадай жағдайға басқа уәж айта алмаған банк меңгерушісі Бимырза Арығазиев «Бір банктің бүкіл аппарат қызметкерлері болып, бір совхоздың экономисінің білгенін білмегеніміз ұят болды-ау» деп Төкеңе ризашылығын білдіреді.

Шаруашылықтағы жұмысты жаңаша ұйымдастырудың нәтижесін көрген еңбеккерлер жұмылған құдырықтай өнімді еңбекке ұмтылды. Шаруашылық Туына «Еңбек Қызыл Ту» ордені қалалса, бас экономист Төкең «Еңбектегі ерлігі үшін», «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медальдарын көудесіне тақты. Мәскеудегі Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіне қатысып, көрменің қола медалімен марапатталды. Осы жылдары аудан облыс басшылығынан алған «Құрмет» грамоталары, алғыс хаттары қаншама десеңші. Ауыл шаруашылығының көрнекті ұйымдастырушысы Мерәлі Шәменовтің мектебін өткен Төкең бұл қызметті он жыл абыроймен атқарды. Бұл Төкең үшін үлкен мектеп, сыңдарлы он жыл болды. Осында уақытта өзі де өсті, тәжірибесі де молайды. Өз саласының санаулы білгір, білікті мамандарының қатарына қосылды. Өзінің жұмыс тәжірибесі облыс көлемінде насихатталып, талай көпелі жиындарда еңбекті жаңаша ұйымдастыру жөнінде баяндама жасады. Ауыл шаруашылығы экономикасын терең меңгерген Төкеңді аудан басшылары енді партиялық қызметке алып келді. Аудандық партия комитетінде нұсқаушы болып аудан экономикасын жаңа сатыға көтеруде партиялық тұрғыдан үлес қосты. Төрт жылдай партиялық жұмыстың сынынан өткен Төкеңді басшылар енді аудандық жоспарлау комиссиясының төрағасы, аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасарлығына әкеліп отырғызды.

Соғыста ең бір осап тұстарға, дұшпаннан ерекше қауіп төніп тұрған майдан шебіне білікті қолбасшыларды жіберетіні секілді, еңбек майданында да артта қалған шаруашылықтарға білікті басшыларды жіберу – ежелден бар тәжірибе. Төкеңді де аудандық партия комитетінің кезекті бюросы сол кезде артта қалып қойған Ақсу совхозына бас экономист етіп жібереді. Бұл шаруашылықтағы жұмысын еңбекті шаруашылық есеп бойынша жүргізу әдісін тереңірек пайдаланудан бастайды. Еңбекке

ақы төлеудің жалдамалы мердігерлік әдісі ауданда бірінші болып осы шаруашылықта енгізіледі. Бұл жұмыстар өз жемісін беріп, совхоздың кері кеткен шаруасы көп ұзамай қалпына келіп, тасы өрге домалай бастайды. Жыл сайын мемлекеттік жоспар артығымен орындалып, жылды таза пайдамен қорытындылайды. Диқандардың да табысы молайып, алды жеңіл автокөлік мініетіні осы тұс. Ауыл орталығы абаттандырылып, жаңа көшелер пайда болып, жасыл желекке бөленеді. Осы жылдары шаруашылықтың аты облыстан асып, республикаға белгілі болады. Шаруашылықтағы озат тәжірибені көріп, үйренуге облыстан ғана емес, еліміздің әр қырынан, күрші өсіретін аймақтардан да адамдар келе бастайды. Ғалымдар бұл совхозды тәжірибе жасау орталығына айналдырады.

Төкең 1984 жылы наурыз айында Кеңес одағының астанасы Мәскеу қаласына барып «Ауыл шаруашылығы көшенінің мәселелері» атты бүкілодақтық үлкен жиынға қатысады. Құрамында облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Т.Есетов, екінші хатшы В.М.Голубенко, су басқармасының бастығы С.Арыстанбаев, ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы Е.Тыныштықбаев және экономист Тасқара Байниязов бар. Сыр өңірінің өкілдері Кеңес Одағы бойынша көтерілген маңызды мәселелерді шешудің жоспарын талқылауға қатысады. Бұл – Төкеңнің адал да абыройлы еңбегіне көрсетілген құрмет.

Еліміз тәуелсіздігінің қарсаңында, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында шаруашылықтың басшысы, өзінің жақсы көретін інісі Кенжеғара Сүлейменов болды. Бұл бір мың жылдар еді. Десе де сол кездегі оңтайландыруға, одан көжешелендіруге дейін шаруашылық көтерілген деңгейден төмен түскен жоқ. Осында жүріп Төкең облыстық кеңеске депутат болып сайланды. 1980 жылдардың аяғы, 1990 жылдардың басы еліміздің жаңа дәуірге өткен кезі еді, ел нарық деген қоғамға қадам басты. Құрылысшық өзгерістер жүріп, бұрынғы шаруашылықтар таралп, жаңа құрылымдар пайда болды. Халық елдегі қалыптасқан жағдайды түсінбей, қайда бағыт ұстарын білмеді. Бәрі жоқ, дүкен сөрелері босап қалды, бәрі сатулы, айырбас. Төкең осындайда халық қалалуысы болса жүріп, өз сайлаушыларының, туған жерінің мүддесін қорғады. Депутаттығын салып, облыстық мекемелерді аралады, қайтсе де елдің абыройына дақ түсірмеуге барын салып еді.

Төкеңнің қызметі мен өмір жолына тереңдеп көз салсаң, қай кезде де әділдікті жақтап, шындықтан таймай, мүмкіндігіне қарайндағы азаматтарға қамқор болуға қиянаттан қорғап қалуға күш салғанын көреміз. Оған мына бір жағдай мысал бола алады. 1989 жылдың тамыз айы еді, облыстық кеңестің кезекті сессиясы өтіп жатыр. Сырдария ауданына қарайтын Қарауылтөбе күрші тәжірибе стансасының директоры Әзбекбай Досмағамбетов те облыстық кеңестің депутаты болатын. Осы директордың үстінен сол ауылдағы мектеп директоры облыстық «Ленин жолы» газетіне арыз жазды. Әлгі арызда «Директор Әзбекбай Досмағамбетов отырған үйіне және машина қостып қоймасына мемлекеттің есебінен жөндеу жұмыстарын жүргізіп, жылу кіргізіп алды» деп көрсетеді. Арызда газеттің жауапты қызметкері Мырқы Исаев тексеріп «Арызда көрсетілген жайлар анықталды» деп қорытындысын шара көру үшін облыстық прокуратураға жолдайды. Облыстық прокурордың орынбасары айтылған мәселе бойынша директор Әзбекбай Досмағамбетовтың үстінен қылмыстық іс қозғау үшін сессиядан оның депутаттық мандатын қайтаруды сұрайды. Мынадай жағдайда аудан прокурорына кім қарсы келсе, сессияға қатысушылар үнсіз қалады. Төкең айналасына қарайды, ешім қозғала қоймайды. Бұлай үнсіз отыра берсе, іс насырға шабатын түрі бар. Сонда Төкең сессияны жүргізіп отырған төрағадан сөз сұрап, орнынан тұрып «Құрметті депутат жолдастар, КСРО Министрлер Кеңесінің 1985 жылғы №1196 санды қаулысында совхоз меншігінде тұратын тұрғын үйлердің барлық құнының 5 пайызынан жыл сайын сол үйлерді жөндеуге жұмсалатын қор құрылады. Бұл жөндеу жұмыстарын үйлерді жөндеуге болады. Директордың үйі жеке меншік емес, мемлекеттіккі. Ол өзі отырған үйді сол қордың есебінен жөндеген. Сондықтан арызда көрсетілген жайлар бойынша қылмыстық іс қозғауға болмайды, оған негіз жоқ» дейді.

Сессия аяқталғасын сол кездегі аудандық партия комитетінің ауыл шаруашылығы жөніндегі хатшысы Сәмит Далдабаев «Төке, сіздей білімді депутаттың арқасында бір азаматтымыз бөле-жаладан аман қалды» деп ризашылығын білдіреді. Міне, бұның өзі Төкеңнің бойындағы адамгершілік, ізгі

қасиеттің көрінісі болса керек.

Уақыт деген жүйрік. Зымыран уақыт желдей есіп, шапқылап жүріп, зейнет жасына келгенін де байқамай қалыпты. Он жеті жыл бойы үздіксіз тер төгіп, еңбек еткен Ақсуымен де қоштасатын кез келіпті. Ауыл еңбеккерлері барлық жол-жорасын жасап, құрметтеп шығарып салады. Қырық жыл бойы есепшоттың тасын қағып, тыннан сом құраған майталман қаржыгер енді ауыл ардагерлерінің қатарына қосылады. Зейнет демалысына шығу дегенін де үлкен жауапкершілік екен, өзінен кейінгілер аузына қарайды, қайда барса да үлкеніміз деп алдарына салады. Айналасына қараса, расында бір тайпа елдің үлкені болып қалыпты. «Демалысқа шықсам, бір демалармын» деген ойы болған. Қайдағы демалыс, қайта жұмысы бұрынғыдан да көбейген секілді. Ағайынның тың, құдажолысы, құдалығы, қуанышы, реніші, әйтеуір бір тынбайды. «Аға, бүгін үйге құдаларым келетін еді, бірге болыңыз, бұрын жұмыстамын дейтін едіңіз, енді зейнетке шықтыңыз, қолыңыз босады ғой» дейтін інілері көп.

Жақсы қартая білу де – асыл қасиет. Бұл орайда Төкең айналасындағыларға аталы да баталы сөзімен де, жүріс-тұрысымен, жан дүниесінің тазалығымен де үлгі боларлықтай жан болып өтті. Қандай сәттерде де, қандай отырыстарда да өзіне қатысы бар іске ғана араласып, өзінің көзі жеткен жайларды ғана айтатын «Анау өй депті, мынау бұл депті» деген алыпқашпа әңгімелерден, қазан-ошақтың басындағы есек-аяннан бойын аулақ ұстайтын. Осы қасиеті үшін де інілері сыйлады, құрметтеді, зор сеніммен қарады, ағаларының жанына жақын жүргісі келді.

Кейде «Осы өмірімде не бітірдім, елге не бердім?» деп өзіне өзі сұрақ қоятыны бар. Ойлап отырса, қаржы саласындағы, соның ішінде шаруашылықта бас экономист болып іштеген 27 жылдың әр күні дүбірлеген еңбекке толы болыпты. Ауылдастарының алдында кеудесін көріп жүруіне әбден болады екен. Өйткені Төкеңнің әр күні сол еңбек адамдары үшін жақсылық істеумен, соның жалын іздеумен өтіпті. Сол үшін де әр күні алғысқа толы болды. Қандай жағдай болса да тәубесіңіз, Жаратқанға шүір деуден жанылмайды. Біреуден келіп, біреуден ілгері ғұмыр кешіп келеді. Дүние жинамады, мансап құмады, ешкімге жұмыс, қызмет сұрап бармапты. Үкімет пен партияның жіберген қызметтерін абыроймен атқарыпты.

Төкең – «бар байлығым» – жан жарым мен балаларым» деп білген адам. Қаржы саласында сонау алғашқы еңбек жолын бастаған облыстық қаржы басқармасында қызмет істеп жүріп қармақшылық Мәрияш апымазбен танысты. Бірін-бірі ұнатқан екі жас үй болып үлкен өмірге бірге қадам басуға шешім қабылдады. Жарты қасырдан аса жұптық ғұмырын өз өмірінен өір мөнді, мағыналы кезеңді деп білді. Екеуі саналы ұрпақ өсіріп тербиеледі. Ұлды уаға, қызды қияға қондырды. Балалардың барлығы да жоғары білімді мамандар, өмірден өз орындарын тапқан. Көңілдері де бірі дәрігер, бірі ұстаз, нәмерелер өсіп жатыр.

Шүір, ешкімнен кем болған жоқ, қатарларынан замандастарынан жалпы халықтан артық болуға ұмтылмады. «Өзің берген абыройыңнан айырма» деп Алалыны таубе келтірумен өтті. «Малым» – жанымның садақсы, жаным – арымның садақасы» деп бұл дүниеде адамдықты, арды ардақ тұтқан ағамыз ардайым абырой биігіңе болды және дүниеде өткенше сол биігінен төмендеген жоқ. Ел үшін өткен еңбегі, төккен маңдай тері ескерілмей, елеңбей қалмады. Төкең Мәскеудегі Бүкілодақтық Халық Шаруашылығы Жетістіктері Көрмесінің қола, күміс, алтын медальдарымен «Еңбектегі ерлігі үшін», «Еңбекте үздік шыққаны үшін» «В.И.Лениннің туғанына 100 жыл», Ұлы Жеңістің 50, 60, 65 жылдығы, «Қызылорда қаласына 70 жыл» медальдарымен «Қаржы, жоспарлау банк жүйесіне – 90 жыл» төсбелгісімен марапатталды. Осы марапаттарды ол сұрап алмады, бүкіл саналы ғұмырында марапат үшін емес, парасат үшін еңбек етті. Бұл марапат, атақ, даңқ Төкеңді өзі іздеп тапты. Осының өзі үлкен бақыт болса керек. Бүгінде Төкең ағамыздың да мәңгілік мекеніне аттанғанына біршама уақыт болыпты. Ортамызда жүрсе, дүрілдегіп 40 жылдығын тойлар ма едік. Бірақ бәрі де Жаратқан иеміз тағдырдың қолында. Төкеңнің өзі болмаса да оның өмірі мен жарқын істері ұрпағымен жалғасуда. «Таулар алыстаған сайын биіктейді» демекші, уақыт өткен сайын Төкеңнің де тау тұлғасы ерекшеленіп, тұлғаланып барады.

Тұрақ АДІСУЛЫ,
Қазақстан Журналистер және
Жазушылар одағының мүшесі

Маман мерейі



Мемлекеттік тіл – ел бірлігінің кепілі

Мемлекеттік тіл – кез келген елдің басты байлығы. Ал оның қолданыс аясын кеңейту – бөрімізге ортақ міндет. Мемлекеттік саясаттың да басты бағыттарының бірі осы ана тілді жан-жақты дамытуға негізделген және біздің қоғамда қазақ тілінің мемлекеттік дәрежесін нығайту мемлекеттік саясаттың басты басымдығы болып қала береді.

Қазір мемлекеттік қолдау мүмкіндігі жоғары салаларда қазақ тілінің қолданыс аясы айтарлықтай кеңейген. Тілге құрмет – анаға, ұлтқа, Отанға деген құрмет. Әр азаматта өз тіліне деген осындай жауапкершілік болуы тиіс. Өйткені ана тілін ұмытқан адам халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді.

Қазақ тілі – халқымыздың рухани байлығы, атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болған баға жетпес асыл мұра. Ана тілдің қасиеті туралы қанша айтсақ та таусылмайды. Ана тілі – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысы да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын, сол халықтың мәңгілігін айқындаушы басты құралы.

Қазіргі жаһандану кезеңінде еліміздің ақпараттық кеңістігін әлемдік стандарттарға сай кеңейте отырып, мемлекеттік тілді ұлттық қауіпсіздіктің маңызды бір нысаны ретінде жетілдіруді және қорғауды қамтамасыз еткен дұрыс. Өйткені қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Бізге мемлекеттік тіліміздің халықаралық мәртебесін көтеруге әлі де жұмыс жасау керек. Бұл – өркеніетке жетудің басты кепілі.

Салтанат КӘЛМЕНОВА,
АПБ-ның тәрбие және кадр жұмысы
тобының инспекторы,
полиция майоры

Сақтансаң, сақтайды

Ішек инфекцияларынан сақ болыңыз

Жаздың келуімен жедел ішек инфекцияларының таралу қаупі күшейеді. Әсіресе дұрыс сақталмаған тағамдар мен жуылмаған көкөніс, жеміс-жидектер арқылы ауру жұғуы мүмкін. Мамандар жеке бас гигиенасын қатаң сақтау, қауіпсіз сауда орындарынан ғана өнім сатып алу және тамақтану барысында мұқият болу қажет екенін ескертеді.

Жаз мезгілі – табиғаттың жаңарып, жеміс-жидек пен көкөніс өнімдері мопаятын кезең. Осындай уақытта тамақ өнімдерін дұрыс тұтыну мен санитариялық талаптарды сақтау өзекті. Ауа райының жылынуы тағам өнімдерінің сақталу жағдайына, әсіресе көкөніс пен жемістердің сапасына ерекше көңіл бөледі қажет етеді.

Қызылорда облысында қазіргі таңда жедел ішек инфекциялары бойынша жағдай тұрақты. Анықталған жағдайларды зерделеу барысында көбінесе дұрыс сақталмаған немесе үй жағдайында дайындалған тағам өнімдерін тұтыну, жеке тазалық шараларына жеткілікті көңіл бөлмеу сияқты жайттар кездесетіні байқалды. Сонымен қатар көктем және жаз мезгілінде ерте піскен бақша өнімдерін мөлшерден тыс тұтыну да ағзаға жайсыздық тудыратыны белгілі болды.

Жалпы осы кезеңде азық-түліктің сапасына, жеміс-жидек пен көкөністің тазалығына мән беру, су кездерінің тазалығын қадағалау және тұрмыста санитариялық талаптарды сақтау маңызды. Осы орайда Қызылорда облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау қызметі өз тарапынан қауіпсіз өнімдерге тұрақты бақылау жүргізуде. Сауда орындарынан сатып алынған өнімдердің сапасы мен талаптарға сәйкестігі зертханалық тұрғыда тексеріліп, қажетті шаралар қабылданып жатыр. Мақсат – халықтың сапалы әрі қауіпсіз өнім тұтынуына жағдай жасау және тұрғындар денсаулығын қорғау. Сондықтан азаматтарды санитариялық талаптарды сақтауға және күнделікті өмірде тазалық мәдениетін ұстануға үндейді.

Жедел ішек инфекциялары – әсіресе жаз мезгілінде жиі кездесетін жұқпалы аурулардың бірі. Бұл дерттің негізгі белгілері – дене қызуының көтерілуі, іш өту, құсу және жалпы әлсіздік. Мұндай жағдайда науқас міндетті түрде дәрігерге жүгініп, уақтылы медициналық көмек алуы қажет. Өзін-өзі емдеуге жол бермеу керек.

Жалпы ауруханаға жедел ішек инфеқциясының белгілерімен түсетін науқастардың басым бөлігі – балалар. Әсіресе жазғы мезгілде олар бақша өнімдерін, жеміс-жидек пен балмұздақ сияқты тағамдарды жиі тұтынады. Кей жағдайларда дұрыс жуылмаған немесе дұрыс сақталмаған тағам өнімдері аурудың себебіне айналып жатады.

Жедел ішек инфекциясының алдын алудың ең маңызды жолы – қарапайым тазалық ережелерін сақтау. Әсіресе балалар арасында жеке бас гигиенасын қалыптастыру, қолды жиі жуу және дұрыс тамақтану мәдениетін үйрету маңызды. Медициналық мекемелерде науқастарға тиісті емдік шаралар уақтылы көрсетіліп келеді. Қазіргі таңда қажетті дәрі-дәрмек пен орын жеткілікті.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Емхана ел игілігіне жарап тұр

Соңғы жылдары өңірде денсаулық сақтау саласына айрықша көңіл бөлініп келеді. Тұрғындардың мұқтаждығын ескерген жергілікті басшылар 2023 жылы «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» жобасы аясында Мырзабай ахун және Есет батыр ауылдық округінде дәрігерлік амбулатория ашылған болатын. Дәл осы жоба аясында жыл басында Қаракеткен ауылында салынған дәрігерлік амбулатория ел игілігіне табысталды.



Қаракеткен ауылында бүгінде 1500 тұрғын бар. Елді мекендегі емдеу нысаны осыдан бірнеше жыл бұрын салынған. Ғимарат ескі болғандықтан денсаулығы сыр берген тұрғындар арнайы аудандық емханада ем қабылдайтын. Ал қазір жергілікті тұрғындар сырқатынан айығу үшін аудан орталығына сабылмай-ақ сапалы алғашқы медициналық көмек пен анализдерді өз ауылынан тапсыра алады. Мұнан бөлек тұрғындар жыл сайын онкологиялық аурудың алдын алу мақсатында жас ерекшеліктеріне қарай скринингтік талдау, флюорографиялық және маммографиялық тексеруден өтіп тұрады. 3 ай сайын аудан орталығындағы узи, лор, окулист, хирург, гинеколог мамандардың барлығы тұрғындар саулығын жіті қадағалайды.

Ғимарат ішінде тіркеу орны, қабылдау кабинеті, физиотерапиялық емдеу кабинеті, дәріхана пункті, қақырықты қоршау кабинеті, лфк залы, оқшаулау бөлмесі, егу кабинеті, жүкті әйелдерді қарайтын кабинет, ерлер мен әйелдерге, мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған жуыну бөлмелері бар.

Мұнда 1 жалпы тәжірибелі дәрігер, 1 күндізгі бөлім дәрігері, 1 акушер, 7 мейіргер, 3 кіші аяжан мен 1 жүргізуші және 5 қарауыл бар. Емхана жұмысымен таныстырған дәрігер Бағия Сыдыққызы мұнда 4 орынды күндізгі емдеу стационары жұмыс істейтінін айтады.

— Заманауи медициналық құрал-жабдықтардың көмегімен ауыл тұрғындарынан қан талдауларын алып, диагноздары бойынша толық ем-шара жүргіземіз. Жыл басынан бері 115 науқас толық ем қабылдады. Айына 19-20 науқасқа ем тағайындаймыз. Көбінесе ауыл тұрғындары бүйрек, қант диабеті, қан қысымы, бауыр, өт жолы сырқатымен шағым айтып келеді. Инсульт, инфаркт сынды сырқаттардың алдын алу үшін бізде арнайы экг аппараты бар. Сол арқылы жүрек тұсы ауырып немесе қан қысымы көтеріліп келген тұрғындарды аппаратқа түсіреміз. Оны Астана қаласындағы жүрек орталығының дәрігерлері 10 күннің ішінде оқып, бізге нәтижесін салып жібереді, — дейді дәрігер.

Ол балалар арасында дене қызуы көтерілу мен жазда іш өту сырқаты көбейетінін айтады. Әрине, бұл ең

алдымен балалардың жуылмаған немесе піспеген жеміс-жидектерді жегуіне, және ұзақ уақыт тұрып қалған тағамды тұтынуынан болады.

Жоғарыда айтып өткенімдей, мұнда жүкті әйелдерді қарайтын кабинет керекті құрал-жабдықтармен жасакталған. Жыл басынан бері 18 әйел балалы болған. Оның арасында алғаш рет ана атанғандар мен көпбалалы аналар да бар. Жалпы туу жасында 212 әйел болса, қазір оның 17-сі жүкті. Мұнда жүкті аналардың өмірге дені сау ұрпақ әкелуін басты



назарда ұстау үшін арнайы ктг аппараты бар. Бұл құрылғы арқылы мамандар ананың ішіндегі баланың жүрек соғысын тексере алады. Сондай-ақ мұнда әйелдер үшін коль-поскопия құрылғысы да бар. Әр 3 ай сайын аудан орталығынан келген гинеколог маман құрылғының көмегімен әйелдерді тексеріп, ем тағайындайды.

Сонымен қатар ауылда мүмкіндігі шектеулі 37 адам бар. Емханада олар үшін арнайы кабинет қарастырылып, іші қажетті құрал-жабдықпен жарақ-



герден бастап мейірбикелерге дейін өз ісінің білікті мамандары. Мен артериальды гипертензия диагнозымен есепте тұрамын. Басымыз ауырып, балтырымыз сыздаса, осындағы күндізгі бөлімге келіп, ем аламыз. Дәрігер — адам жанының арашасы, еңбегі ерөн, — дейді ауыл тұрғыны Сағат Мұстафаев.

Иә, емханадағы білікті мамандардың көмегімен ауылдағы ағайын дер-

тіне шипа тауып жүр. Олардың ақхалаттыларға алғыстан басқа айтары жоқ. Өз саласының қыр-сырын толық меңгерген мамандар да «Ауылдағы ағайынның денсаулығын жақсартуға өз септігімізді тигізу — басты міндетіміз» деп біледі. Мамандыққа адалдық, ағайынға құрмет деген осы шығар сіре.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ



Бәрекелді!



Абай оқуларының жүлдегері

Жақында Абай облысының Семей қаласында ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы мен Абай облысының білім басқармасының ұйымдастыруымен XXVI республикалық «Абай оқулары» шығармашылық байқауы өтті. Аталған дәстүрлі байқаудың былғы ерекшелігі, қазақтың ұлы ойшылы және ақыны Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай жарыс халықаралық форматта ұйымдастырылды.

Аталған байқауға ауданымыздан Аяулым Жолдыбай қатысып, ІІІ орын иеленді. Ол — Қаракеткен ауылындағы №114 орта мектептің оқушысы. Быыл 9 сынып бітіріп, 10 сыныпқа қадам басқан Аяулымның арманы — асқақ, мақсаты — айқын. Ес білгелі Абай атамyzдың шығармалары мен өлеңдерін жатқа оқитын озат оқушы 2023 жылдан бастап Абай оқулары байқауына қатыса бастаған. Нақтырақ айтсақ, 2023-2024 оқу жылында аудандық «Абай оқулары» байқауынан ІІІ орын, 2024-2025 оқу жылында аталған байқаудың аудандық және облыстық кезеңінде қарсыластарынан жеңісті жұлпып алып, республикалық кезеңде үздік үштікті түйіндеген. Сонымен қатар Шөкерім оқулары мен қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен пәндік олимпиаданың бірнеше мәрте жеңімпазы атанған.

— «Абай оқуларына» 13 жасымнан бастап қатысып келемін. Осыдан 1 жыл бұрын аудандық кезеңде 30 өлең, 2 поэманы жатқа оқып, ІІІ орын алдым. Содан кейін алдыма осы байқаудан былл республикалық кезеңге шығамын деген нақты мақсат қойып, 100 өлеңін жаттадым, сондай-ақ 2 поэмамен қатар 20 қарасөз жатқа айттым. Дайындықты сабақпен қатар

алып жүрдім. Нақтырақ айтсам, наурыз айынан бастап байқауға ден қойып, күніне 7-8 өлең жаттадым, — дейді озат оқушы.

Жарыс халықаралық деңгейде өткендіктен бұл байқауға көрші елдерден де, атап айтқанда, Моңғолия, Өзбекстан, Түркіменстаннан қатысушылар мықты дайындықпен келген. Жарыс 5 бағыт бойынша өтіп, оған 180 оқушы қатысқан. Алғашқы бағыт «Абайдың асыл мұрасы» деп аталады. Бұл бағытта қатысушылар Абайдың өлеңдерін жатқа айтқан. Ал екінші бағыт — Абайдың ақын шәкірттерінің өлеңін жатқа оқу. Яғни бұл бағытта Абайдың балаларының, Шәкерімінің өлеңдерін жатқа оқыған. Үшінші бағыт «Әнді сүйсең, менше сүй» деп аталса, төртінші бағытта ақындар Абайға арнап өлең шығарған. Ал соңғы бесінші бағытта қатысушылар Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» романын талдаған.

Кейіпкеріміз Аяулым байқаудың алғашқы бағыты «Абайдың асыл мұрасы» бағыты бойынша сынға түсіп, 35 қатысушының ішінен алғашқы үштіктен көрінген. Алғашқы орындарды Абай атамyzдың 180, 150 өлеңін жаттаған қатысушылар иеленген. Айта кетейік, жарыс ба-

рысында қатысушылар Абай атамyzдың туған жері Жидебай өлкесіне саяхаттады. Олар Абай атамyzдың үйінде болып, күнделікті өмірде қолданылатын заттарымен танысты. Сондай-ақ Ұлжан және Зере әжелеріміздің зиратына барып, гүл қою рәсімін өткізіп, Абай атамyzға тағзым етті.

— Менің тәжірибемде Аяулым «Абай оқулары» байқауына қатысқан алғашқы оқушы емес. Бүгінге дейін бірнеше оқушыны «Абай оқуларына» дайындап, жеңіске жеткенбіз. Мәселен, осыдан 10 жыл бұрын бір оқушым осы байқаудың аудандық кезеңіне 2-3 мәрте қатысып, 270 өлеңмен облыстық кезеңге жолдама алған болатын. Одан бөлек былтыр ғана мектеп бітірген оқушым да бұл байқауда бірнеше мәрте топ жарды. Былғы аудандық кезеңге Аяулыммен қатар тағы бір Жансая Нәрікбай есімді оқушым «Абайдың ақын шәкірттері» бағытында ІІІ орын иеленді. Аяулымның жеңісі — қаншама еңбектің нәтижелі жемісі. Ол қазақ әдебиеті пәнін асқан қызығушылықпен сүйіп оқиды. Оның болашағынан үлкен үміт күтеміз, — дейді жетекшісі Марина Ізбасханова.

Білікті маманның ұстаздық қызметте жүргеніне былл 20 жыл. Ол осынша уақытта оқушыларын «Абай оқуларынан» бөлек «Мағжан оқулары», «Мұқағали оқулары», пәндік олимпиадаларға қатыстырған. Ұстазының ұлы жолын тандауға бел буған Аяулым мектепті үздік бітіріп, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болуды көздеп отыр. Кейіпкеріміздің осы арманына қарап, ұлағатты ұстаздың шәкірттеріне қандай үлгілі жан екенін аңғардық.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:

Бас директор - 8(7242) 70-00-36

Бас редактор - 32-0-41

Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,

бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның

түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8(7242) 40-06-68.

Газеттің таралымы бойынша

31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08

телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2850 Тапсырыс №1088

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Жандос ЖАЗКЕН